

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ» РМҚК
«ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ» ИНСТИТУТЫ
«ҚАРЖЫ» КАФЕДРАСЫ

САТАНБАЕВА А.Ө.

«Мемлекеттік және муниципалдық зайымдар»
пәні бойынша әдістемелік нұсқау
(5B050900 «Қаржы» мамандығы студенттеріне арналған)

Ақтау 2011ж.

УДК 336 (076)

Құрастырушы: «Қаржы» кафедрасының аға оқытушысы Сатанбаева А.Ө.

«Мемлекеттік және муниципалдық зайымдар» пәні бойынша әдістемелік нұсқау экономикалық мамандықтардағы студенттерге арналған. Ақтау: КМТЖИУ, 2011 – 25 б.

РЕЦЕНЗЕНТ:

к.э.н. Еркулова Г.С.

Әдістемелік нұсқауда ғылым ретіндегі мемлекеттік және муниципалдық зайымдар ауқымды қуатын қолдануды, мемлекет қаржысын соғұрлым тиімді басқаруды қарастырады.

Мемлекеттік қарыз бен муниципалдық зайымдардың жалпы сипаттамасын, мемлекеттік зайымдардың функцияларын, қоғамдық тауарлар, игіліктер және қызметтерді, сондай-ақ мемлекет қаржысының ұғымы мен құрамын, мемлекеттік және муниципалдық зайымдардың негізгі буындарын аша қарастырады.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті Оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды

© Сатанбаева А.Ө., 2011

© Ш. Есенова атындағы КМТЖИУ, 2011

Кіріспе

«Мемлекеттік және муниципалдық займдар» пәні «Қаржы» мамандығының «Мемлекеттік бюджет және қазынашылық» мамандануы студенттері үшін арнайы пән ретінде оқытылады.

Мемлекеттік қарыз мәселелері мемлекеттің қоғамның экономикалық өміріне тікелей қатысу фактісімен байланысты. Қазіргі жағдайдағы бұл қатысу толық жұмысбастылық пен баға деңгейінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мәнінен тұратын экономикалық өсудің антиинфляциялық механизмін құру міндетімен анықталады.

Ұлттық экономиканы дамыту шикізат салаларына шетел қарыздарын, инвестицияларын салмайынша, экспорт және импорт алмастырушы салаларға, аграрлық сектор мен тұтыну тауарларының өндірісіне озат технологияларды тартпайынша мүмкін емес. Бірақ шетел капиталы мен валюта ресурстарын тарту оларды жоғары тиімділікпен пайдалануға, лайықты қарыз қаражаттарының қайтарымына дәлелді тәсілдемені қажет етеді: негізгі борыштың сомасы мен пайыздарын төлеу бұл жағдайда нақты өнімнің бір бөлігін басқа елдердің қарамағына беруді қажет етеді. Елеулі сыртқы борыштың көбеюі ұлттық валюта бағамының, экспорт пен импорттың ара салмағының өзгеруімен, отандық экономиканың дамуындағы қиыншылықтармен байланысты ұзақ мерзімді теріс экономикалық зардаптарды тудыруы мүмкін. Үлкен көлемдегі мемлекеттік қарыз мемлекетті банкротқа ұшыратпайды, өйткені үкіметтің мынадай іс-қимылдары қолданылуы мүмкін: қайта қаржыландыру, салық салу және ақша жасау.

Әдістемелік нұсқауда мемлекеттік қарыздың экономикалық категория ретінде маңыздылығы көрініс табады. Әдістемелік нұсқау екі бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімде мемлекеттік және муниципалдық зайымдардың экономикалық маңызымен, оның функциялары және негізгі көздерімен студенттерді таныстыру жүреді. Сонымен қатар мемлекеттік және муниципалдық қарыздарды басқару, жопарлау, ұйымдастыру және бақылау жұмыстарының жүру бағытын көрсетеді. Әрбір қарастырылған тақырыпқа байланысты бақылау сұрақтары берілген.

Екінші бөлімде студенттердің алған білімін тексеруге арналған тест сұрақтары енгізілген.

1 Бөлім. МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ МУНИЦИПАЛДЫҚ ЗАЙЫМДАРДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗІ.

1. Тақырып. Экономиканың мемлекеттік және муниципалдық салалары.

Негізгі түсініктер: *Мемлекеттің экономикалық ролі, мемлекеттік меншік, муниципалдық меншік, шаруашылық субъектілер.*

1.1. Әдістемелік нұсқау

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің құрамына материалдық өндірістің барлық кәсіпорындары және нарықтық экономика жағдайында өзінің қызметін коммерциялық есеп негізінде жүзеге асыратын өндірістік емес сфераның бір бөлігі кіреді.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер – кәсіпорындар мен ұйымдар, мекемелер әртүрлі белгілері бойынша сыныпталады.

Мемлекеттік меншік – республиканың, әкімшілік-аумақтық бірліктердің жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, резервтік сақтандыру қорлары, кәсіпорындармен халық шаруашылық кешендері, көлік, жоғары және арнаулы оқу орындары, әлеуметтік мәдени салалары объектілер және басқа да мүліктер.

Муниципалдық меншік – жергілікті өін - өзі басқару органдарының меншігіне жататын мүліктер.

Мемлекеттік, муниципалдық қаржы – мемлекет өздерінің органдарын ұстау және өз міндеттерін орындау үшін қажетті ресурстар жиынтығы.

Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің хатшысы, аталған заң жобасы бойынша жұмыс тобының жетекшісі, депутат Мұрат Әбенұлының айтуынша, "Қоғамды әрі қарай демократияландыру және әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүргізу жағдайында жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін енгізу айрықша маңызды болып қала бермек. Оның үстіне әлемдегі нарықтық қатынастардың дамуы мен ақпарат және басқару саласында орын алған революциялар белгілі бір субъектілер қызметіне орталықтандырылған мемлекеттік ықпал ету мүмкіндігін мейлінше қысқартуда. Ұтымды ұйымдастырылған өзін-өзі басқару жергілікті ресурстарды тиімді пайдалануға, қоғамдағы әлеуметтік шиеленістердің төмендеуіне және тұрғындардың билікке деген сенімін арттыруға мүмкіндік береді. Әлемдегі қаржы және азық-түлік дағдарысы кезінде өмір сүру жағдайын жақсартуда тұрғындардың өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі басқару әлеуетін пайдалану тұрақтылықтың маңызды факторы ретінде ұсынылуда".

1.1.1. Негізгі терминдер

Ақша – барлық тауарлардың құнын өлшейтін, жалпыға балама айрықша тауар.

Бюджет – мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыруды қаржымен қамтамасыз етуге арналған орталықтандырылған ақша қоры.

Бюджет жүйесі – бюджеттердің және ҚР Ұлттық қорының, сондай-ақ бюджеттік процестер мен қатынастардың жиынтығы.

Қаржы - ақша қаражатын, қаржы ресурстарын олардың жасалуы мен қозғалысы, бөлінісі мен қайта бөлінісі тұрғысынан алып қарайтын, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы өзара есеп айырысуларға, ақша айналысына байланысты туындайтын экономикалық қатынастарды білдіретін қорытындылаушы экономикалық термин.

Қаржы ресурстары – мемлекеттің, кәсіпорындардың, бірлестіктердің, ұйымдардың қарамағындағы ақша қаражаттары мен қорларының жиынтығы; қоғамдық жиынтық өнім мен ұлттық табысты қайта бөлу барысында құрылады.

1.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Мемлекеттің экономикалық ролі және қызметтері
2. Мемлекеттің экономикаға әсері
3. Мемлекеттік және муниципалдық меншік
4. Мемлекеттік мекемелер мен муниципалдық мекемелер
5. Экономиканың мемлекеттік және муниципалдық салаларының қазіргі жағдайы

2. Тақырып. Мемлекеттік және муниципалдық қаржының экономикалық маңызы

Негізгі түсініктер: *Мемлекеттік қаржылар, муниципалдық қаржылар.*

2.1. Әдістемелік нұсқау

Мемлекеттің қаржысы мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, саяси функцияларын орындау үшін оны қажетті ақша ресурстарымен қамтамасыз ететін елдің қаржы жүйесінің маңызды сферасы болып табылады және олар экономика мен социумдағы сан алуан өзара байланыстарды қамтитын мемлекеттік сектордың өндірістік және әлеуметтік қатынастардағы іс-қимылымен байланысты.

Экономикалық мәні жағынан мемлекеттің қаржысы мемлекеттің, оның кәсіпорындарының қаржы ресурстарын қалыптастырып, алынған қаражаттарды мемлекет пен оның кәсіпорындарының функцияларын орындауға пайдалану үшін қоғамдық өнімнің құны мен ұлттық байлықтың бір бөлігін бөлу және қайта бөлумен байланысты болатын ақша қатынастарын білдіреді.

Мемлекеттің қаржысы республикалық және жергілікті деңгейлерде іс-әрекет етеді және мемлекеттік бюджетті, бюджеттен тыс қорларды, мемлекеттік кредитті, мемлекеттік және муниципалдық кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржыларын кіріктіреді. Аталған буындардың түрлі функциялық арналымының арқасында мемлекет экономикалық, әлеуметтік, саяси процестердің үлкен спектріне, салалық және аумақтық проблемаларды шешуге ықпал етеді. Экономикалық және әлеуметтік сфераға мемлекеттік басшылықтың деңгейіне қарай мемлекеттің қаржысы жалпымемлекеттік (республикалық) және жергілікті (муниципалдық) қаржылар болып бөлінеді.

Мемлекет қаржысының функциялары экономикалық категория болып табылады: бұл – бөлу мен бақылау функциялары.

Егер қаржы қатынастарын топтастыру кезінде мемлекеттің экономика мен әлеуметтік процестерге басшылық жасау деңгейіне сүйенетін болсақ, онда Қазақстан Республикасындағы мемлекет қаржысының құрылымын шамамен мынадай түрде көрсетуге болады:

Мемлекет қаржысының құрамында республикалық және жергілікті деңгейлерде қалыптасатын бюджеттік қатынастар мен өзара байланыстар маңызды рөл атқарады. Бюджеттік қатынастар көмегімен мемлекеттік құрылымдардың қарамағына қаржылық әдіспен қайта бөлінетін ұлттық табыстың едәуір бөлігі жұмылдырылады. Түрлі деңгейдің бюджеттері - республикалық, жергілікті бюджеттер тиісінше өкімет пен басқарудың республикалық және жергілікті органдары үшін тірліктің қаржы базасы болып табылады.

2.1.1. Негізгі терминдер

Қаржы жүйесі – белгілі бір қоғамдық-экономикалық формация шеңберінде өмір сүретін қаржы қатынастары мен қаржы мекемелерінің жиынтығы; тар мағынада – мемлекеттің қаржы мекемелерінің жүйесі.

Қаржы қатынастары - өндірістік қатынастардың табиғи құрамды бөлігі; мемлекет пен шаруашылық жүргізуші жеке субъектілері арасындағы ақша нысанындағы экономикалық қатынастарды көрсетеді.

Қаржылық қызмет көрсету - ҚР-ның заңнамасына сәйкес алынған лицензиялар негізінде жүзеге асырылатын сақтық нарығы, бағалы қағаздар нарығы, инвестициялық қор, жинақтаушы зейнетақы қорлары қатысушыларының қызметі, сондай-ақ банк қызметі.

2.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Мемлекеттік және муниципалдық қаржылар: мәні және қызметтері
2. Мемлекеттік және муниципалдық қаржылардың қызметтері
3. Мемлекеттік қаржы ресурстары
4. Қаржыны басқару функциялары
5. Қазақстанның мемлекеттік қаржысының құрамы

3. Тақырып. Елдің әлеуметтік – экономикалық дамуындағы мемлекеттік бюджеттің ролі

Негізгі түсініктер: *Мемлекеттік бюджет, бюджет жүйесі, бюджет балансы, бюджеттік тапшылық.*

3.1. Әдістемелік нұсқау

Бюджет кодексіне сәйкес, *мемлекеттік бюджет* – бұл араларындағы өзара өтелетін операцияларды есепке алмағанда, республикалық және жергілікті бюджеттерді біріктіретін, бекітуге жатпайтын жиынтық бюджет, ол тек талдамалық ақпарат ретінде пайдаланылады. Бюджеттердің жекелеген түрлерінің кірістері мен шығыстарын қалыптастыру, оларды теңестіру үдерісінде заңмен реттеліп отыратын белгілі бір қаржылық өзара қарым – қатынастар пайда болады. Осы элементтердің барлығы – бюджет жүйесін ұйымдастыру мен құрудың қағидаттары, оның буындарының өзара қатынастары мен байланысының ұйымдық нысандары, бюджет құқықтарының жиынтығы – *бюджет құрылысын* құрайды. Бюджет құрылысында басты орынды *бюджет жүйесі* алады, ол – бюджеттердің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, сондай-ақ бюджеттік үдерістер мен қатынастардың жиынтығы.

Қаржы қатынастарының белгілі бір жиынтығы ретіндегі мемлекеттік бюджетке ең алдымен жалпы қаржы категориясынан ажырататын өзгеше белгілер тән: бюджет қатынастарының бөлгіштік сипаты бар, әрқашан ақша нысанында жүзеге асырылады, мақсатты ақша қорларын қалыптастырумен және пайдаланумен қосарлана жүреді. Сонымен бірге, бюджет қатынастарына белгілі бір өзіндік ерекшелік тән, алайда ол қаржымен ортақ өзгеше белгілердің шеңберінен шықпайды.

Құндық бөліністің айрықшалықты сферасы ретінде мемлекеттік бюджет мына өзгеше белгілермен сипатталады:

1) мемлекеттен жалпы қоғамдық өнімнің бір бөлігін оқшауландырумен және оны қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға пайдаланумен байланысты бөлгіштік қатынастардың айрықша экономикалық нысаны болып табылады;

2) құнды жасау және оны тұтыну процесін шарттастыратын материалдық өндіріс қаржысынан және құнды тұтынуға қызмет ететін өндірістік емес сфера қаржысынан мемлекеттік бюджеттің айырмашылығы ол ұлттық шаруашылықтың салалары, аумақтар, экономиканың секторлары, қоғамдық қызметтің сфералары арасында құнды қайта бөлуге арналған;

3) қоғамдық өнімнің оның тауар нысанындағы қозғалысымен тікелей байланысты емес құндық бөліністің стадиясын білдіреді және одан белгілі үзілісте жүзеге асырылады, ал қаржы қатынастары материалдық өндірісте де, өндірістік емес сферада да тауар-ақша қатынастарымен тығыз тоқайласып жатады

Мемлекеттік бюджет экономикалық категория ретінде жалпы қаржы сияқты бөлу және бақылау функцияларын орындайды. Бұл функциялардың іс қимылы, мазмұны, мәні мен маңызы бюджет қатынастарының қаралған айрықшалығымен айқындалады. Бөлгіштік функцияның іс-әрекетінің өзіндік ерекшелігі сол, қоғамдық өнімнің құны қоғамдық өндірістің сфералары, ұлттық шаруашылықтың секторлары, аумақтар, салалар, жеке шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында бөлінеді. Мемлекеттік бюджет арқылы бүгінде Қазақстанда жалпы қоғамдық өнімнің шамамен 10% және жалпы ішкі өнімнің 20% бөлінеді. Сонымен бірге мемлекет қаржысының негізгі буыны ретінде мемлекеттік бюджет бөлгіштік функция шеңберінде қосалқы функцияларды, атап айтқанда: ұлттық табыс пен жалпы ішкі өнімді қайта бөлу; экономиканы мемлекеттік реттеу және ынталандыру; әлеуметтік саясатты қаржымен қатамасыз ету; ақша қаражаттарының орталықтандырылған қорын жасау және пайдалануға бақылау жасау сияқты сипатты функцияларды орындайды. Бақылау функциясы бюджет қорларын бөлудің сандық үйлесімдерінде, олардың қоғамдық өндіріс дамуының қажеттіліктеріне сай келетіндігінде, бөлудің ұнамсыз барысынан ауытқуын анықтау және оларды жою мүмкіндігінде көрінеді.

Мемлекеттік бюджеттің сан қырлы маңызын ескере отырып, оны тек экономикалық категория және мемлекеттің орталықтандырылған ақша қоры ретінде ғана емес, сонымен бірге негізгі қаржы жоспары, әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеу механизмінің жиынтық ұғымы ретінде қарауға болады. Мәселен, мемлекеттік бюджетте қоғамдағы барлық экономикалық процестер бейнеленетіндіктен, сондай-ақ барлық негізгі қаржы институттары – салықтар, мемлекеттің шығыстары, мемлекеттік кредит, мемлекеттік қарыздар және т.б. өзінің шоғырланған көрінісін табатындықтан бюджет мемлекеттің негізгі қаржы жоспары ретінде сипатталады. Ол нақты кезеңге, әдетте, бір жылға жасалынады, бюджеттің кірістерін, шығындарын, орталықтандырылған қаржы ресурстарының шешуші бөлігінің қозғалысын анықтайды. Бюджетті негізгі қаржы жоспары деп мойындау оның ұлттық табысты қайта бөлудегі маңызды орнын, қаржы жоспарларының жүйесіндегі басымдық жағдайын, сондай-ақ қоғамдық ұдайы өндірістегі айрықша рөлін айқындайды. Негізгі қаржы жоспары мемлекеттің қаржылық қызметінің жемісі болып табылады. Елдің негізгі қаржы жоспарының көрсеткіштері республика Парламентінің жыл сайын қабылдайтын Республикалық бюджет туралы заңына сәйкес сөзсіз орындауға жатады.

Бюджет кодексіне сәйкес бюджеттің құрылымы мына бөлімдерден тұрады:

1) кірістер:

салықтық түсімдер;

салықтық емес түсімдер;

негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер;

ресми трансферттер түсімдері;

2) шығындар;

3) операциялық сальдо;

4) таза бюджеттік кредит беру:

бюджеттік кредиттер;

бюджеттік кредиттерді өтеу;

5) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо:

қаржы активтерін сатып алу;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер;
б) бюджет тапшылығы (профициті);
7) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану):
қарыздар түсімі;
қарыздарды өтеу;
бюджет қаражаты қалдықтарының қозғалысы.

Бюджеттерді бекіту және бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді түзу осы көрсетілген құрылым бойынша жүзеге асырылады.

Бюджеттің кірістері салықтық және басқа міндетті төлемдер (салықтар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер), ресми трансферттер, мемлекетке өтеусіз негізде берілетін, қайтарылатын сипатта болмайтын және мемлекеттің қаржы активтерін сатумен байланысты емес, бюджетке есептелуге тиісті ақшалар болып табылады. Салықтық емес түсімдер – бюджетке төленетін міндетті, қайтарылмайтын төлемдер, сондай-ақ ресми трансферттерден басқа, бюджетке өтеусіз негізде берілетін ақша. Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерге мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті, мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды, мемлекет меншігіндегі жер учаскелерін жеке меншікке сатудан немесе оларды тұрақты немесе уақытша жер пайдалануға беруден, мемлекетке тиесілі материалдық емес активтерді сатудан түсетін ақшалар жатады. Ресми трансферттердің түсімдері – бұл бюджеттің бір деңгейінен екіншісіне Ұлттық қордан бюджетке түсетін трансферттердің түсімдері.

Мақсатты ресми трансферттерді қоспағанда, кірістердің нысаналы мақсаты болмайды.

Бюджеттің шығындары – қайтарылмайтын негізде бөлінетін бюджет қаражаттары. Шығындардың қатаң мақсатты арналымы болады.

Бюджет шығындары мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) мемлекеттік мекемелердің қызметін қамтамасыз ететін шығындар;
- 2) тұрақты сипаты жоқ іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге байланысты шығындар;
- 3) мемлекеттік тапсырысқа арналған шығындар – мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында өндірілетін тауарларға мемлекеттік органдардың ақы төлеуі;
- 4) жеке тұлғаларға ақшалай төлемдер – қызметкерлерге еңбегі үшін ақшалай төлемдерден басқа, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жеке тұлғаларға ақша нысанындағы төлемдермен байланысты шығындар;
- 5) заңи тұлғаларға субсидиялар - мемлекеттік мекемелер және қоғамдық бірлестіктер болып табылмайтын заңи тұлғаларды өтеусіз және қайтарусыз негізде қаржыландыру;
- 6) ресми трансферттер – бюджеттің бір деңгейінен екіншісіне, сондай-ақ Ұлттық қорға трансферттер төлеу және мемлекеттік міндеттемелерді орындауға арналған шығындардың өзге де түрлері.

3.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Мемлекеттік бюджет құрамы;
2. Бюджет табыстары;
3. Салықтық табыстар;
4. Бекітілген табыстар;
5. Бюджеттік жүйе;
6. Бюджеттік жүйенің құрамы;
7. Бюджеттік жүйені құру принциптері;
8. Бюджет шығындары.
9. Бюджеттік дефицит. Бюджеттік профицит.

4. Тақырып. Мемлекеттік және муниципалдық займдар түрлері мен классификациясы

Негізгі түсініктер: *Мемлекеттік займ, муниципалдық қарыз, қарыздардың негізгі принциптері.*

4.1. Әдістемелік нұсқау

Мемлекеттік және муниципалдық зайымдар - бұл жеке және заңды тұлғалардан, шет мемлекеттерден, халықаралық қаржы ұйымдарынан келісілген шарт бойынша тартылатын ақша құралдары. Ол белгіленген бюджеттің дефицитін жабуға бағытталады.

Мемлекеттік ішкі және сыртқы қарыздары деп екіге бөлеміз.

Мемлекеттік қарыз: бөлістіру және реттеуші функциясын орындайды.

- 1) мемлекеттік орталықтандырылған ақша қорын қалыптастырады және оның пайдаланылуын қайтарымды және өтелімді болуын қамтамасыз етеді. Мемлекеттің ішкі қарыздарының бөлістіру функциясы халықтың бос ақшасын бюджет қорына жинап оны қайта бөлістірумен айналысады.
- 2) Реттеуші функция экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік зайымдар мынадай процестерге әсер етеді: - инфляциялық процестердің тез жүруіне;

- экономикалық өсуге;
- экономиканың жеке секторына капитал салымының көлемі;
- жұмыссыздыққа;
- мемлекеттің экономикалық өмірінің басты параметрлеріне.

Мемлекеттік қарыздардың экономикалық шегін анықтау кезінде мыналарды есепке алу қажет: өндіріс пен экономикалық процесінің дамуы мен үздіксіздігіне қатысу; зайымдық құралдардың дұрыс пайдаланылуы; халықтың өмір сүру деңгейін жоғарылату.

4.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Қарыз түсінігі
2. Мемлекеттік қарыздардың функциялары
3. Мемлекеттік қарыздардың негізгі принциптері
4. Ішкі қарыздар
5. Сыртқы қарыздар
6. Мемлекеттік қарыздардың шегі
7. Мемлекеттік қарыздардың мақсаттары

5. Тақырып. Мемлекеттік және муниципалдық қарыздарды басқару жүйесі

Негізгі түсініктер: *Мемлекеттік қарызды басқару әдістері: қайта қаржыландыру, жаңғырту, мерзімді ұзарту.*

Әдістемелік нұсқау

Үкіметтің қарыз алуы республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландыру мақсатында, Ұлттық банктің қарыз алуы төлем балансын қолдау және Ұлттық банктің алтын – валюта активтерін толықтыру мақсатында, сондай-ақ елдегі жүргізіліп отырған ақша-несие саясатымен айқындалатын басқа да мақсаттарында жүзеге асырыады. Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қарыз алуы аймақтық инвестициялық бағдарламаларды

қаржыландыруға байланысты жергілікті бюджеттің тапшылығын жабу мақсатында жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қарыздардың мынадай түрлері мен нысандары болады:

1. қарызгерге қатысы бойынша:
ҚР Үкіметінің қарыздары;
ҚР Ұлттық банкінің қарыздары;
Жергілікті атқарушы органдарының қарыздары болып бөлінеді.
2. несие капиталының нарықтары бойынша:
сыртқы мемлекеттік қарыздар;
ішкі мемлекеттік қарыздар.
3. қарыз алу нысаны бойынша:
мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығару;
қарыз келісім шарттарын жасасу болып бөлінеді.
4. қолдану мерзімі бойынша:
қысқа мерзімді;
орта мерзімді;
ұзақ мерзімді.

Қазынашылық несиелер – шаруашылық жүргізуші субъектілергі немесе бюджет қаражаттары есебінен мемлекеттік билік пен басқару органдарының халыққа қаржылық көмек көрсету жөніндегі ақша қатынастарын білдіреді.

Мемлекеттік несие әдістері қарыздарды шығарудың шарттарымен анықталады: табыстылықты анықтаудың және табыс алудың әдістері, іс-қимылдың мерзімі, орналастыру амалдары (облигацияларды, бондарды еркін сатып алу және сату, жазылу, мәжбүрleme орналастыру), өтеу амалы (облигациялар бойынша ұтыстар, қордаланған пайыздық кірісі бар облигацияларды төлеп (сатып) алу, мерзімсіз қарыздарда – пайыздық кірісті дүркіндеп төлеу).

Мемлекеттің борышын басқару әдістері де бар.

Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер әдісі: дисконттың мөлшері, кесіп тастау бағасы, көрсетулі құны бойынша МҚМ-ды өтеу, өтеу мерзімі, аукциондарды өткізудің тәртібі.

Мемлекеттік борыш анықтамасы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде берілген. Мемлекеттік борыш - Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес, өзара талаптарды есепке алмай, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің борышына немесе мәслихаттардың шешімдерімен жергілікті атқарушы органдардың борышына жатқызылған алынған (игерілген) және өтелмеген мемлекеттік қарыздардың, концессиялық міндеттемелердің белгілі бір күнге, сондай-ақ борыштық міндеттемелердің белгілі бір күнге сомасы. Осылайша, Қазақстанның мемлекеттік борышы Үкіметтің, Ұлттық банкінің және жергілікті атқарушы органдардың борыштарын қамтиды.

Мемлекеттік борыштың пайда болуы бюджет тапшылығын қаржыландыру және қоғамдық мұқтажды қанағаттандыру үшін ақша ресурсын тартудың бір нысаны ретінде мемлекеттік қарызды пайдаланумен туындаған. Мемлекеттік борыштың болуы белсенді дамушы мемлекет үшін қалыпты жағдай болып табылады. Мемлекеттік борыш өз бетінше елдің экономикасы үшін оң немесе теріс фактор болып табылмайды. Егер оның экономикасы тұрақты болса, заң шығарушы база осы қарым-қатынас саласын нақты белгілейді және мемлекеттік борыштың болуы елдің халықаралық имиджіне теріс әсер етпейді. Мысалы, АҚШ экономиканың көптеген көрсеткіштері бойынша көшбасшы бола тұра, оның мемлекеттік борышы да бар.

Мемлекеттік борыш, әдетте, ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Мемлекеттік ішкі борыш - Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының резиденттерінің алдындағы мемлекеттік ішкі қарыздары мен басқа да борыштық міндеттемелері бойынша мемлекеттік борышының құрамдас бөлігі. Мемлекеттік сыртқы борыш - Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасының

қарыз берушілерінің-резидент еместерінің алдындағы мемлекеттік сыртқы қарыздар мен басқа да борыштық міндеттемелері бойынша мемлекеттік борышының құрамдас бөлігі.

Әлемдік тәжірибеде мемлекеттің қаржылық тұрақтылығының макроэкономикалық көрсеткішінің бірі ретінде борыш көлемінің ЖІӨ-ге қатынасы пайдаланылады.

2008 жылғы 1 қаңтарға Қазақстанның мемлекеттік борышы 917,99 млрд теңгені (7,63 млрд АҚШ долларын), немесе 7,2% ЖІӨ құрайды. 2001-2007 жылдары Қазақстанның мемлекеттік борышы елдің ұлттық қауіпсіздігіне қатер тудыратын шектен шыққан жоқ.

Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Мемлекеттік қарызды басқарудың мәні
2. Мемлекеттік қарызды басқару әдістері
3. Мемлекеттік борыш түрлері
4. Күрделі борыштар
5. Ағымдағы борыштар
6. Қарыздық міндеттемелердің түрлері
7. Мемлекеттің ішкі борышы
8. Сыртқы борыш
9. Мемлекеттік борыш пен муниципалдық борыштың құрамы.

6. Тақырып. Мемлекеттік несие

Негізгі түсініктер: *Мемлекеттік несие, халықаралық мемлекеттік несие түсінігі, қазынашылық несиелер, несие беруші, несие алушы.*

6.1. Әдістемелік нұсқау

Мемлекеттік несие - мемлекет және жергілікті билік ұйымдарының өздері қарыз алушы немесе қарыз беруші болып табылатын заңды тұлғалар мен азаматтарға байланысты қалыптасатын несиелік қатынастар жиынтығы

Мемлекеттік несие қатынастарының субъектілері:

- несие беруші – халық және заңды ұйымдар;
- несие алушы – мемлекет және жергілікті органдар.

Мемлекеттік несиенің рөлі - мемлекеттің кезек күттірмейтін мұқтаждарын қаржыландыру.

Мемлекеттік несиенің көздері - кәсіпорындарда, банктерде, зейнетақы қорларында, сақтық қорларында, халықта пайда болатын уақытша бос қаражаттар.

Мемлекеттік несие функциялары:

- қайта бөлу функциясы;
- реттеуші функциясы.

Қайта бөлу функциясы – халықтың, шаруашылық субъектілердің уақытша бос қаражаттарын шоғырландырумен байланысты. Бұл функцияда мемлекеттік несие жинақ ақшаны ұйымдастыру нысандарының бірі болып табылады. Несиенің көмегімен біршама жинақ ақша мемлекетте шоғырландырылады және оның қажеттіліктерін қаржыландыруға бағытталады. Бұл функция іс-әрекетінің объективті нәтижелері ұлғаймалы ұдайы өндірістің ауқымын арттыру және оның қарқынын тездету болып табылады.

Реттеуші функциясы – мемлекет несиелік пайыздың мөлшеріне ықпал жасай отырып, ақша ағымдарын реттейді. Мемлекет несие капитал нарығындағы бәсекеге араласып, жеке инвесторларды нарықтан ығыстырады да, бизнестің белгілі бір түрін инвестициялауды шектейді. Мемлекеттің бағалы қағаздарын сатып алу кезінде айналыстағы ақшаның қысқаруына әсер етеді, мұның өзі ақша эмиссиясының зардаптарын жою үшін тиімді болуы мүмкін.

Мемлекеттік несиенің түрлері:

1. ішкі – мемлекеттік несие қатынастары жан-жақты тұрғыда: қарызгер кезінде де, несиегер ретінде де елдегі үкіметтің, биліктің жергілікті органдарының, кәсіпорындардың, ұйымдардың және халықтың арасында пайда болады.
2. сыртқы - несие қатынастарына бір жағынан, үкімет, биліктің жергілікті органдары, екінші жағынан басқа мемлекеттің үкіметтері, банктері, компаниялары, сондай-ақ халықаралық қаржы банк ұйымдары араласады. Несие беруші тарап мемлекет-донор немесе ұйым-донор, ал несие алушы ел реципиент-ел деп аталады.
3. шартты – отандық қарызгерлер: кәсіпорындар, ұйымдар, фирмалар, жергілікті билік органдары алған қарыздарына басқа елдердің несиегерлеріне берілген кепілдіктер бойынша үкіметтің міндеттемелері ретінде болады. Қарыз шарттары орындалмаған жағдайда үкімет отандық қарызгердің уақыты келген міндеттемелері бойынша қарызгердің мүлкінен немесе басқа активтерінен бюджет қаражаттары есебінен қарыздың соммасын төлейді.

Мемлекет қарыз алушы ретінде ғана емес, сонымен бірге несиегер ретінде де болады.

Мемлекеттік несиелендірудің негізгі сферасы – күрделі жұмсалымдар: басым өндірістерді қаржыландыру; тұрғын-үй құрылысын қаржыландыру; экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылым салаларын қаржыландыру.

Несие капитал нарығында мемлекет гарант ретінде де болады.

Мемлекеттік несиенің көздері -

- кәсіпорындарда,
- банктерде,
- зейнетақы қорларында,
- сақтық қорларында,
- халықта пайда болатын уақытша бос қаражаттар.

Мемлекет несие ресурстарын:

1. бюджет тапшылығын қаржыландыру;
2. ұлттандырылған және аралас кәсіпорындарға жұмсалатын күрделі жұмсалымдарды қаржыландыру;
3. биліктің жергілікті органдарының шаруашылық органдарн қаржыландыру;
4. елдің ақша айналысын реттеу үшін пайдаланылады.

Мемлекеттік несие нысандары мен әдістері

Ішкі мемлекеттік несиенің нысандары:

1. мемлекеттік қарыздар шығару;
2. коммерциялық банктердегі халықтың салымдарының бір бөлігін мемлекеттік қарыздарға айналдыру;
3. қазынашылық несиелер.

Мемлекеттік несиенің негізгі нысаны ---*мемлекеттік қарыздар*.

Мемлекеттік қарыздар- нәтижесінде мемлекет белгілі бір мерзімге және белгілі бір ақыға ақша қаражаттарының белгілі бір соммаларын алатын мемлекет пен заңды және жеке тұлғалар арасындағы қарыз қатынастары.

Қарыздар мынадай қасиеттері бойынша ажыратылады:

1. өтеу мезгілі бойынша;
2. орны бойынша;
3. орналастыру әдістері бойынша;
4. қарыз валютасы бойынша;
5. эмитенттер бойынша;
6. табыстылық түрлері бойынша.

Қарыздардың ажыратылу қасиеттері	Түрлері
өтеу мезгілі бойынша	1. қысқа мерзімді; 2. орта мерзімді;

	3. ұзақ мерзімді.
орны бойынша	1. ішкі; 2. сыртқы.
орналастыру әдістері бойынша	1. еркін айналатын; 2. жазылу бойынша орналастырлатын; 3. мәжбүрleme.
қарыз валютасы бойынша	1. ақша нысанында; 2. заттай нысанда да болады.
эмитенттер бойынша	3. үкіметтің қарыздары; 4. жергілікті билік органдарының қарыздары (муниципалдық қарыздар).
табыстылық түрлері бойынша	1. пайыздық; 2. ұтыс немесе лотереялық.

6.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Мемлекеттік несиенің мәні
2. Мемлекеттік несие түрлері
3. Мемлекеттік несиенің қызметтері
4. Халықаралық мемлекеттік несие
5. Мемлекеттік несиенің нысандары
6. Мемлекеттік несиені қолданудың объективтік қажеттілігі

7. Тақырып. Мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар

Негізгі түсініктер: Бюджеттен тыс қорлар, зейнетақы қорлары, әлеуметтік сақтандыру қорлары, мақсатты бюджеттік қорлар.

7.1.Әдістемелік нұсқау

Қаржы жүйесінің басты бөлімдерінің бірі болып бюджеттен тыс қорлар табылады.

Мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар – белгілі бір мақсатты жергілікті және аймақтық, орталықтық басқару органдарының билігіндегі қаржы ресурстарының жиынтығы.оның қалыптасуы және пайдаланылуы қаржы құқығымен бақыланады.

Бюджеттен тыс қорлар – тұрғындардың әлеуметтік жағдайы нашар топтарға арналып билік органдарының ұлттық табысты қайта бөлістіру әдісі.

Бюджеттен тыс қорлар маңызды екі міндетті орындайды:

1. экономиканың жақсы, алдағы ортасын, саласын қосымша табыспен қамтамасыз ету;
2. тұрғындарға әлеуметтік қызмет көрсетуді дамыту.

Алғашында бюджеттен тыс қорлар арнайы қор түрінде қалыптасты. Мемлекеттік билік өзінің қызметін кеңейтуде қосымша шығын шығаруға тура келеді. Мемлекеттік шараларды орындау үшін арнайы қорлар ашылды. Қорлар саны бірте бірте көбейе түсті. Кейбір қорлардың бірігуі басқа бір қорлардың пайда болуына ықпал етті. Жаңадан құрылған қор парламент шешімімен бекітіліп заңды күшке ие болады.

Бюджеттен тыс қорлар бірнеше ерекшелікке және қасиеттерге байланысты:

- мемлекеттік билік органдарында шаруашылық өмірге араласуына қосымша қаржы пайда болады, кәсіпкерлікті қолдау қаржылары болады, экономиканы тұрақтандыруға.
- өте қатал пайдалану бақылаудың қажеттілігін, тиімділігін арттырады.

Бюджеттік дефицитті жабу құралы болып табылады.

Бюджеттен тыс қорлар екі жол арқылы қалыптасады.

1. бюджеттен белгілі шығын бөлу.
2. белгілі мақсатқа арналған жеке көздер арқылы бюджеттен тыс қорларды жасау.

Осылай құрылған қорлар арқылы халықтың жағдайын жақсартуға, оны сақтандыруға жұмсалады.

Бюджеттен тыс қорлардың материалдық көзі болып Ұлттық табыс табылады. Қордың көп бөлігі Ұлттық табыстың қайта бөлістірілуінен құралады.

Бюджеттен тыс қорлар мемлекет қарамағында болады.

Мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар – қорлардың ұйымдық дербестігі негізінде кешенді пайдаланылатын бірқатар қоғамдық қажеттіліктерді қаржыландыру үшін тартылатын қаржы ресурстарын қайта бөлу мен пайдаланудың айрықшалықты нысаны.

Қалыптасу көздері:

- а) арнаулы мақсатты салықтар, қарыздар;
- ә) бюджеттен берілетін субсидиялар;
- б) қосымша табыстар мен үнемделген қаржы ресурстары;
- в) ерікті жарналар және қайырмалдықтар.

Бюджеттен тыс қорлар толық көлемде ресурстарды мақсатты пайдалануды және аса маңызды әлеуметтік шараларды дер кезінде қаржыландыруды кепілдендіреді; олар қаржылық қиыншылықтар жағдайында мемлекеттік билік органдары иек артатын қаржы резерві рөлін орындайды.

Бюджеттен тыс қорлардың органдары:

- басқару;
- атқарушы органдар;
- тексеріс комиссиясы;
- қордың аймақтық бөлімшелері.

7.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Бюджеттен тыс қорлар түсінігі
2. Бюджеттен тыс қорлардың мақсаттары
3. Бюджеттен тыс қорлар түрлері
4. Зейнетақы қорлары
5. Әлеуметтік сақтандыру қорлары
6. Мақсатты бюджеттік қорлар
7. Бюджеттен тыс қорлардың қалыптасу көзі

8. Тақырып. Муниципалдық қаржылар

Негізгі түсініктер: Жергілікті бюджет, жергілікті бюджет табыстары, жергілікті бюджет шығыстары, жергілікті қаржы.

Әдістемелік нұсқау

Жергілікті қаржы – ақша нысанындағы қоғамдық өнімнің бір бөлігін жергілікті басқару органдары өздеріне артылған функцияларға сәйкес жасау, бөлу, пайдалану процесіндегі қаржы қатынастарының жүйесі.

Муниципалдық қаржы мемлекеттік қаржы жүйесінің маңызды құрамды бөлігі болып табылады.

Ол жергілікті бюджеттерді, арнаулы бюджеттен тыс қорларды және басқарудың жергілікті органдарының қарамағындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысын кірістіреді.

Басқарудың жергілікті органдарына мемлекеттің әлкеуметтік бағдарламаларын жүзеге асыру жөнінде маңызды міндеттер жүктелінген. Халыққа қызмет көрсету жөніндегі

шараларды құаржыландыру негізінен жергілікті қаржы ресурстары есебінен жүзеге асырылады. әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымның салалары халыққа қызметтер көрсетуді бюджет қаражаттарынан қалыптасатын қорлар есебінен көрсетеді.

Муниципалдық қаржының ролі, оның құрылымы мен бағыты бүтіндей билік пен басқарудың жергілікті органдарына жүктелінген функциялардың сипатымен, сондай-ақ мемлекеттің әкімшілік-аумақтық құрылысымен және оның саяси – экономикалық бағыттылығымен анықталады.

Муниципалдық қаржының жай-күйі әрқашанда, біріншіден, елдің жалпы экономикалық жағдайына; екіншіден, тиісті аумақтардың экономикалық әлеуетіне; үшіншіден, билік пен басқарудың жергілікті органдарының құқығы мен міндеттерін белгілі бір дәрежеде реттеп отыратын мемлекеттік заңдардың деңгейіне; төртіншіден, биліктің жергілікті органдары құзының дәрежесіне байланысты болады.

Аймақтардың шаруашылық қызметінің ұлғаюы мемлекеттік және муниципалдық бюджеттердің өзара қатынастарының проблемасына, жергілікті бюджеттердің мемлекеттік қаржыландырудағы және оны жүзеге асыру нысандарындағы қажеттіліктерін дұрыс ұйымдастыруға жаңа көзқарасты талап етеді.

Муниципалдық қаржылар бөлістіру, реттеу, бақылау функцияларын атқарады.

Муниципалдық құрылымның қаржы жоспарының дамуында мынадай негізгі мәселелер қарастырылып, қалыптасады;

1. қаржы-экономикалық;
2. әлеуметтік-мәдени;
3. коммуналдық-тұрмыстық және халыққа қызмет көрсету;
4. көлік және байланыс;
5. табиғи-экологиялық;
6. құрылыс және т.б.

Жергілікті қаржы – ақша нысанындағы қоғамдық өнімнің бір бөлігін жергілікті басқару органдары қайта бөлу, пайдалану процесіндегі қаржы қатынастарының жүйесі.

Жергілікті бюджет – бұл ұлттық табысты аумақтық тұрғыда қайта бөлуге мүмкіндік жасайтын және жергілікті органдардың қаржы базасын жасауды қамтамасыз ететін экономикалық қатынастардың жиынтығы.

8.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Муниципалдық қаржылар
2. Муниципалдық қаржылардың қалыптасу көзі
3. Муниципалдық қаржылардың қызметтері
4. Муниципалдық қаржылар жүйесі
5. Жергілікті бюджет
6. Жергілікті бюджет құрамы
7. Жергілікті бюджет қызметтері
8. Жергілікті бюджет ролі
9. Жергілікті бюджет табыстары
10. Жергілікті бюджет шығыстары

9. Тақырып. Қаржыларды мемлекеттік басқару органдары

Негізгі түсініктер: Мемлекеттің қаржысын басқару түсінігі. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысын басқару. Қаржыны басқарудың жергілікті қаржылық органы. Кәсіпорын деңгейіндегі қаржылық басқару. Қаржы менеджментінің түсінігі. Қаржыны басқарудың автоматтандырылған жүйесі.

9.1. Әдістемелік нұсқау

Қаржыны басқару – экономикалық, әлеуметтік жүйенің дамуы мен өркендеуіне әсер етеді.

Қаржыны басқару негізіне:

- басқарудағы еркіндік;
- қаржы сұрақтарына саяси көзқарас;
- басқарудағы әкімшілік және экономикалық әдістермен қарау;
- басқару тиімділігі;
- территориялық, салалық және орталықтық басқарудың үйлесімі;
- басқаудағы жауапкершілік;
- шаруашылық шешімді қабылдау жатады.

Қаржыны басқаруда мынадай элементтер бір-бірімен тығыз байланысты: ақпарат, жоспарлау, ұйымдастыру, реттеу, бақылау.

Мемлекеттік қаржылық бақылау өз алды билік пен басқарудың арнайы органдарының мемлекеттік қаржы ресурстарын қалыптастыруына байланысты ақша құралдарының қозғалысын, олардың толық және өз уақытында түсуі мен мақсатты пайдаланылуын тексеруді іске асыру үшін экономикалық-құқықтық барлық әрекеттерін көрсетеді. Мемлекеттік қаржылық бақылаудың заңнамалық негіздері Конституцияда бекітілген және Бюджеттік кодекстің арнайы ережелерімен реттелген.

Мемлекеттік қаржылық бақылау келесі типтерге жіктеледі:

- сәйкестікті бақылау, яғни бақылау объектілері қызметтерінің әрекеттегі заңнамалар талаптарына сәйкестігін тексеру және бағалау;
- қаржылық есептілікті бақылау, яғни бақылау объектілерінің қаржылық есептіліктерін өз уақытында құру мен ұсынуды және олардың сенімділігі мен дәйектілігін тексеру, бағалау.
- тиімділікті бақылау, яғни бақылау объектілерінің республикалық немесе жергілікті бюджеттердің құралдарын, мемлекеттің активтері мен мемлекеттің кепіліндегі заемдарды, мемлекеттік мекемелердің тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды атқарудан түскен ақшаларды, гранттарды пайдаланудың үнемділігін, нәтижелілігін және өнімділігін тексеру мен бағалау.

Мемлекеттік қаржылық бақылау тексерілетін мәселелердің арнауы мен көлеміне байланысты келесі түрлерге бөлінеді:

- кешендік бақылау, мұнда жаппай әдіспен бақылау объектінің белгіленген уақыт мезгіліндегі барлық іс-әрекеті тексеріледі және бағаланады;
- тақырыптық бақылау, мұнда жаппай әдіспен бақылау объектінің белгіленген уақыт мезгіліндегі әрбір мәселелері бойынша іс-әрекеті тексеріледі және бағаланады;
- қарама – қарсылық бақылау, мұнда операциялар бірлігімен өзара байланысты құжаттар салыстыру негізінде үшінші тұлғалардың тексеріліп жатқан мәселе шегіндегі бақылау объектісінің өңкей ара қатынастары тексеріледі және бағаланады.

Бақылаудың критерийлер бойынша жіктелген келесі формалары анықталады:

- жүргізу регламенті бойынша – сыртқы (міндетті), ішкі (ынталы);
- жүргізу уақыты бойынша – алдын ала, ағымдағы (оперативтік), кейінгі;
- бақылау субъектілері бойынша – президенттік, биліктің өкілдік органдарын, қаржы органдарын, ведомстволық, ішкі фирмалық, аудиторлық;
- бақылау объектілері бойынша – бюджеттік, салықтық, валюталық, сақтандырушылық, несиелік, инвестициялық, кедендік, ақша массасын бақылау.

Бақылау объектілерінің қаржылық әрекеттерін сыртқы (міндетті) бақылау заңнамаға сәйкес іске асырылады, ал ішкі (ынталы) бақылау заңмен реттелмейді, бірақ қаржыларды басқарудың қажетті механизмі болып табылады. Бюджеттік кодекс бойынша сыртқы бақылау ретінде Есеп комитеті мен маслихаттардың ревизиялық комиссияларының іске асыратын

мемлекеттік қаржылық бақылау, ал ішкі бақылау болып орталық уәкілетті орган мен жергілікті тиісті органдардың, сондай – ақ мемлекеттік басқару органдарының ішкі бақылау қызметтерімен іске асырылатын мемлекеттік қаржылық бақылау болып табылады.

Бақылаудың алдын-ала формасы бюджеттік құралдар арқылы ұсталатын мемлекеттік органдар, мекемелер мен ұйымдардың, сондай-ақ субсидиялар, несиелер, Үкіметтің кепілін алушылардың республикалық және жергілікті бюджеттер құралдарын пайдалану жобаларын жасау мен қарау сатыларында іске асырылады.

Бақылаудың ағымдағы формасы бақылау объектілердің бюджеттен бөлінген құралдарды пайдалану бойынша қаржы операцияларын жүргізу сатысында қолданылады. Бақылау объектілерінің республикалық және жергілікті бюджет құралдарын өз уақытында, мақсатты және тиімді пайдалануын, сондай-ақ пайдалану жөніндегі есептер сенімділігінің кейінгі бақылауы осы құралдармен қаржы операциялар жүргізу қорытындысы бойынша іске асырылады.

Қаржылық бақылау әр түрлі әдістер пайдалану арқылы жүргізіледі. Солардың ішіндегі ең көп тараған әдістерінің бірі – ол ревизия, тексеріс, қайта қарау атты әдіс, яғни бақылау объектісінің қаржы-шаруашылық әрекетін толық тексеру. Ревизия жүргізу процесінің мақсаты – бақылау объектісінің қаржылық іс-әрекетінің заңдылығын, дұрыстығын, мақсаттылығын және оның нәтижесінің тиімділігін дәлелдеу.

Тексерілетін мәселелердің мақсаты мен көлеміне байланысты ревизиялар жоспарлы және жоспарлы емес, толық және жекелеген, кешенді және тақырыптық түрлерде болады. Ревизияларды негізінде мемлекеттік бақылаушы органдар жүргізеді, бірақ оны ведомстволық ішкі бақылаушы қызметтер мен мемлекеттік емес бақылаушы органдар жүргізуі мүмкін.

Деректі және камералды тексеру әдісі бақылау объектісі ұсынған есептік құжаттарды оқып білу негізінде қаржылық іс-әрекеттің жеке мәселелерін қарастыру мен соның нәтижесі бойынша анықталған кемшіліктерді жою үшін шаралар қабылдауға қолданылады. Бақылау әдісі ретінде сондай-ақ бақылау объектісінің қаржылық жағдайын талдау әдістері де пайдаланылады. Бұл арада қаржылық және бухгалтерлік есептілік мәліметтерін талдай отырып, бақылау объектісі қаржылық әрекетінің нәтижелері, меншікті капиталмен қамтамасыз ету мен оны тиімді пайдалануына баға беріледі.

Бақылау объектісінің қаржылық жағдайын анықтау мен оның даму бағыттарына баға беру үшін бірсыпыра қаржылық және экономикалық көрсеткіштер арқылы жүргізілетін тексеру әдісі пайдаланылады. Бақылаудың келесі әдісі – қадағалау. Бұл әдісті бақылаушы органдар қаржылық әрекеттің белгілі бір түрін іске асыру үшін лицензия алған бақылау объектісінің сол іс-әрекеті тағайындалған нормативтер мен тәртіптерге сәйкестігін тексеру мақсатымен пайдаланады. Бақылау объектілерінің бюджет құралдарын пайдалану мен олардың қаржылық жағдайларына тұрақты бақылау мониторинг әдісін қолдану арқылы іске асырылады.

Ел Президенті мен Парламенті жағынан мемлекеттік қаржылық бақылау қаржылық іс-әрекетке жататын заңдар қабылдағанда, республикалық бюджет жобасын қарау мен бекітуде және оны атқару жөніндегі есепті бекітуде іске асырылады. Республикалық деңгейдегі қаржылық бақылауды өкілетті биліктің сәйкес құрылымдары – сенат пен мәжілістің комитеттері мен комиссиялары, ал жергілікті деңгейде – маслихаттардың тиісті ревизиялық комиссиялары жүргізеді.

Мемлекеттік бақылаушы органдардың іс-әрекеттерінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатымен республикада республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау жүйесінің даму тұжырымдасы қабылданған. Тұжырымдаманы қабылдау республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау түсінігін халықаралық бағыттарға сәйкес анықтаудың объективті қажеттілігі, нормативті – құқықтық актілерді жасау мен бекіту, құқықтық актілердің әрекеттеріне байланысты объектілер мен салаларды бөлу мәселелерімен дәйектеледі.

Тұжырымдама келесі негізі мақсаттарды шешуге бағытталған:

- республикалық және жергілікті бюджеттерді атқарудың бақылау жүйесінің ары қарай дамуы, оның нормативті базасын қалыптастыруына мемлекеттік реттеуді тағайындау, ең алдымен халықаралық нормаларға сәйкес бақылаудың негізгі принциптері мен стандарттарын және жалпы әдістемелік жұмысты ұйымдастыру;

- республикалық және жергілікті бюджеттерді атқарудың бақылау жүйесін жетілдіру арқылы мемлекеттік меншіктегі мүліктерді тиімді пайдалану мен экономика саласындағы құқықты бұзумен күресу үшін алдын-ала шаралар қабылдау;

- республикалық және жергілікті бюджеттерді атқарудың бақылаудың ақпараттық жүйесін жетілдіру мен бірыңғай әдістемелік база құру;

- республикалық және жергілікті бюджеттерді атқарудың бақылау жүйесін іске асырудағы мемлекеттік органдардың өкілеттілігін айқын бөлу және қосарланушылықты жою;

- республикалық және жергілікті бюджеттерді атқару жөніндегі барлық мемлекеттік органдардың іс-әрекеттерінің ашықтығы мен барлық салық төлеушілер мен жұртшылыққа кең жариялылықты қамтамасыз ету;

- республикалық және жергілікті бюджеттерді атқарудың бақылау жүйесін ресурстық қамтамасыз етілуін сапалы және сандық жағынан жетілдіру.

Бұл тұжырымдама бақылаудың жаңа түрін, яғни есеп комитетінің экспертті – аналитикалық жұмысын енгізуді қарастырады. Мұндай жұмыс есепті аналитикалық тексерудің бірнеше түрінен қалыптасады. Оның ішінде бюджетті атқару процесінде қабылданатын шешімдердің дәйектілігін бюджет ресурстарының тиімді пайдаланылуын және республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшіліктерінің қаржылық ахуалын талдау.

9.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Мемлекеттік қаржылық бақылау
2. Қаржылық бақылау түрлері
3. Қаржылық бақылау әдістері
4. Аудиторлық бақылау
5. Банктік бақылау
6. Қазынашылық
7. Қазақстан Республикасының қаржы министрілігінің қызметі

10. Тақырып. Мемлекеттік және муниципалдық бағалы қағаздар мемлекеттік, муниципалдық қарыздарды басқару құралы ретінде

Негізгі түсініктер: *Қазынашылық вексельдер, облигациялар, ноталар, МЕККАМ. МЕОКАМ. МЕАКАМ. АВМЕКАМ. МЕКАВМ.* Муниципалдық бағалы қағаздар.

10.1. Әдістемелік нұсқау

Бағалы қағаздар нарығы – ол қаржы нарығының құрамдас бір бөлігі. Бағалы қағаздар нарығы басқа нарықтардан өзінің айырықша тауарымен өзгешеленеді. Ол өзгеше тауар – бағалы қағаздар. Олар, біріншіден, меншік белгісі, екіншіден, қарыз міндеттемесі, яғни олар бойынша табыс алу құқығы және табыс төлеу міндеттемесі пайда болады.

Бағалы қағаздар ақша капиталының немесе басқа материалды құндылықтардың орнына жүретін «символы» болғандықтан оны «қордың құндылықтары» деп те атайды. Сонымен қатар, бағалы қағаздар «қор құралы» болып та есептеледі. Себебі, тек сол құралды пайдаланып, нақты құндылықтарға қол жеткізуге немесе сол құндылықтар бір субъектіден екіншіге ауысуына болады. Сонымен, **бағалы қағаздар нарығы** – капитал нарығының, яғни ақша немесе басқа материалдық құндылықтардың нақты қызметінің көрінісі.

Бағалы қағаздар нарығының құралдарына бағалы қағаздар жатады. **Бағалы қағаздар** – бағалы қағаздар нарығында айналыста болатын ерекше тауар, алайда ол заттай тауар немесе

қызмет немесе ақша болып табылмайды. Оны ақшаға жақындататын бірқатар өз ерекшеліктері бар. Олардың ішіндегі ең басты ерекшелігі – оны әртүрлі формадағы ақшаға айырбастауға болады. Ол есеп айырысуда пайдаланылуы мүмкін, кепіл де бола алады, оны бірнеше жылға сақтауға да болады немесе мұра бойынша мерзімсіз беруге де болады, оны сыйлық ретінде біреуге де ұсынуға да болады.

Осылайша бағалы қағаз өз иесіне біршама табыс әкелетін, құқығы мен міндеттемесі үшінші тұлғаға жаңа келісімшартсыз берілетін, үлгісі қатаң тәртіппен белгіленетін құжатты білдіреді.

Муниципалдық бағалы қағаздарға биліктің жергілікті органдарының борышқорлық міндеттемелері жатады.

Муниципалдық бағалы қағаздар жергілікті атқарушы органдардың жергілікті бюджет тапшылығын жоюды және территориялық бағдарламаларды қаржыландыру мақсатында шығарылатын қарызды бағалы қағаздар.

Муниципалдық бағалы қағаздардың инвесторлар үшін тартымды болуының екі түрлі себебі бар:

1. Салықтық жеңілдіктер есбінен банктік несиеден гөрі олардың жоғары табыстылығы;
2. Уақытша бос ақша қаражатын акционерлік қоғамдардың бағалы қағаздарына немесе банктерге орналастыру мен салыстырғанда олардың жоғары сенімділігі.

Муниципалдық бағалы қағаздарды шығару және айналысқа түсіру жөнінде жергілікті атқарушы үкімет органдары шешім қабылдайды.

10.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Мемлекеттік бағалы қағаздар
2. Муниципалдық бағалы қағаздар
3. Муниципалдық облигациялар
4. Мемлекеттік бағалы қағаздарды шығарудың мақсаты
5. Қазынашылық міндеттемелер
6. Қазынашылық боналар
7. Қазынашылық вексельдер. Облигациялар. Ноталар
8. МЕККАМ. МЕОКАМ. МЕАКАМ. НСО. АВМЕКАМ. МЕКАВМ.
9. Муниципалдық бағалы қағаздардың территорияның әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешудегі маңызы

11. Тақырып. Мемлекеттік және муниципалдық әлеуметтік топтар қаржылары.

Негізгі түсініктер: *әлеуметтік саясат, әлеуметтік кепілдік, әлеуметтік топтар.*

11.1. Әдістемелік нұсқау

Мемлекеттік әлеуметтік саясат – қоғамдық өмірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын реттеуге байланысты қызметтердің бағыты.

Оның негізі әлеуметтік топтар арасындағы байланыстар мен ішкі байланыстарды қолдау, қоғам мүшелерінің өмір сүру деңгейін жоғарлату, қоғамдық өндіріске қатысушылардың экономикалық ынталандыруды қалыптастыру үшін әлеуметтік кепілдікті жасау.

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты елдің жалпы экономикалық жағдайымен тығыз байланыста болады.

Бұл саясат екі жақты көзқараста:

- Экономикалық өсу деңгейі бойынша, экономикалық қызметтің мақсаты азаматтардың әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін ұлттық байлықты жинау;
- Әлеуметтік саясат экономикалық өсудің негізгі факторы болып табылады.

Егер экономикалық өсу өмір сүру деңгейімен қатар жүрмесе, онда адамдар экономикалық қызметтің тиімділігін ынталандыруды қажет етпейді.

11.2. Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Мемлекеттік әлеуметтік саясат қарастыратын мәселелер
2. Әлеуметтік қызметтерді қаржыландыру көзі
3. Мемлекеттік және муниципалдық тапсырыстар
4. Мемлекеттік және муниципалдық келісім-шарттар

2. Бөлім. «Мемлекеттік және муниципалдық зайымдар» пәні бойынша студенттердің алған білімін тексеруге арналған тест сұрақтары

1. Муниципалдық займ дегеніміз не?

- A. Аймақтық және жергілікті мемлекеттік басқау органдарының жергілікті бюджет дефициті кезінде тартылатын қаржы ресурстары.
- B. Жергілікті өзін өзі басқару органдарының меншігіне жататын мүліктер.
- C. Республиканың, әкімшілік-аумақтық бірліктердің жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, резервтік сақтандыру қорлары, кәсіпорындар мен халықшаруашылық кешендері, көлік, әлеуметтік-мәдени салалар объектілері және басқа да мүліктер.
- D. Мемлекет өзінің органдарын ұстау және өз міндеттерін орындау үшін қажетті ресурстар жиынтығы.
- E. Алынған және белгілі бір күнге өтелмеген мемлекеттік қарыздардың сомасы.

2. Мемлекеттік борыш дегеніміз не?

- A. Аймақтық және жергілікті мемлекеттік басқау органдарының жергілікті бюджет дефициті кезінде тартылатын қаржы ресурстары.
- B. Жергілікті өзін өзі басқару органдарының меншігіне жататын мүліктер.
- C. Республиканың, әкімшілік-аумақтық бірліктердің жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, резервтік сақтандыру қорлары, кәсіпорындар мен халықшаруашылық кешендері, көлік, әлеуметтік-мәдени салалар объектілері және басқа да мүліктер.
- D. Мемлекет өзінің органдарын ұстау және өз міндеттерін орындау үшін қажетті ресурстар жиынтығы.
- E. Алынған және белгілі бір күнге өтелмеген мемлекеттік қарыздардың сомасы.

3. Мемлекеттік қаржы дегеніміз не?

- A. Аймақтық және жергілікті мемлекеттік басқау органдарының жергілікті бюджет дефициті кезінде тартылатын қаржы ресурстары.
- B. Жергілікті өзін өзі басқару органдарының меншігіне жататын мүліктер.
- C. Республиканың, әкімшілік-аумақтық бірліктердің жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, резервтік сақтандыру қорлары, кәсіпорындар мен халықшаруашылық кешендері, көлік, әлеуметтік-мәдени салалар объектілері және басқа да мүліктер.
- D. Мемлекет өзінің органдарын ұстау және өз міндеттерін орындау үшін қажетті ресурстар жиынтығы.
- E. Алынған және белгілі бір күнге өтелмеген мемлекеттік қарыздардың сомасы.

4. Мемлекеттік меншік дегеніміз не?

- A. Аймақтық және жергілікті мемлекеттік басқау органдарының жергілікті бюджет дефициті кезінде тартылатын қаржы ресурстары.
- B. Жергілікті өзін өзі басқару органдарының меншігіне жататын мүліктер.
- C. Республиканың, әкімшілік-аумақтық бірліктердің жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, резервтік сақтандыру қорлары, кәсіпорындар мен халықшаруашылық кешендері, көлік, әлеуметтік-мәдени салалар объектілері және басқа да мүліктер.
- D. Мемлекет өзінің органдарын ұстау және өз міндеттерін орындау үшін қажетті ресурстар жиынтығы.
- E. Алынған және белгілі бір күнге өтелмеген мемлекеттік қарыздардың сомасы.

5. Муниципалдық меншік дегеніміз не?

- A. Аймақтық және жергілікті мемлекеттік басқау органдарының жергілікті бюджет дефициті кезінде тартылатын қаржы ресурстары.
- B. Жергілікті өзін өзі басқару органдарының меншігіне жататын мүліктер.

С. Республиканың, әкімшілік-аумақтық бірліктердің жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, резервтік сақтандыру қорлары, кәсіпорындар мен халықшаруашылық кешендері, көлік, әлеуметтік-мәдени салалар объектілері және басқа да мүліктер.

D. Мемлекет өзінің органдарын ұстау және өз міндеттерін орындау үшін қажетті ресурстар жиынтығы.

E. Алынған және белгілі бір күнге өтелмеген мемлекеттік қарыздардың сомасы.

6. Халықаралық несиенің негізгі нысаны, шетелдік несиегерлерден алынған ақша қаражаттары.

A. Мемлекеттің сыртқы қарыздары.

B. Мемлекеттің ішкі қарыздары.

C. Күрделі мемлекеттік борыштар.

D. Ағымдағы мемлекеттік борыштар.

E. Муниципалдық борыш.

7. Қатысушы субъектілердің мақсатты бағыттарымен ерекшеленетін күрделі экономикалық категория.

A. Мемлекеттің сыртқы қарыздары.

B. Мемлекеттің ішкі қарыздары.

C. Күрделі мемлекеттік борыштар.

D. Ағымдағы мемлекеттік борыштар.

E. Муниципалдық борыш.

8. Мемлекеттің шығарылған және өтелмеген борышқорлық міндеттемелерінің бүкіл сомасы.

A. Мемлекеттің сыртқы қарыздары.

B. Мемлекеттің ішкі қарыздары.

C. Күрделі мемлекеттік борыштар.

D. Ағымдағы мемлекеттік борыштар.

E. Муниципалдық борыш.

9. Мемлекеттің барлық борышқорлық міндеттемелері бойынша несиегерлерге табыс төлеу және мерзімі келген міндеттемелерді өтеу жөніндегі шығыстар.

A. Мемлекеттің сыртқы қарыздары.

B. Мемлекеттің ішкі қарыздары.

C. Күрделі мемлекеттік борыштар.

D. Ағымдағы мемлекеттік борыштар.

E. Муниципалдық борыш.

10. Муниципалдық құрылымдардың міндетті борыштарының жиынтығы.

A. Мемлекеттің сыртқы қарыздары.

B. Мемлекеттің ішкі қарыздары.

C. Күрделі мемлекеттік борыштар.

D. Ағымдағы мемлекеттік борыштар.

E. Муниципалдық борыш.

11. Борыштың түріне қайсысы жатпайды?

A. Күрделі мемлекеттік борыштар.

B. Ағымдағы мемлекеттік борыштар.

C. Мемлекеттің ішкі борыштары.

D. Мемлекеттің сыртқы борыштары.

E. Дұрыс жауап жоқ.

12. Борыштың түрлерін көрсетіңіз.
- A. Күрделі мемлекеттік борыштар.
 - B. Ағымдағы мемлекеттік борыштар.
 - C. Мемлекеттің ішкі борыштары.
 - D. Мемлекеттің сыртқы борыштары.
 - E. Барлық жауап дұрыс.
13. Мемлекеттік борыштың пайда болуы мен өсуінің себебі неде?
- A. Мемлекеттік бюджеттің тұрақты тапшылығы.
 - B. Бағалы қағаздардың құнсыздануы.
 - C. Жұмыссыздық көрсеткішінің өсуі.
 - D. Макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгерісі.
 - E. Мемлекеттің сырқы қарыздану көлемі.
14. Берешекті өтеу қайдан қаржыландырылады?
- A. Бюджет қаражаттарының есебінен.
 - B. Кәсіпорындар қаржысынан.
 - C. Инвестициямен.
 - D. Отбасы бюджетінен.
 - E. Дұрыс жауап жоқ.
15. Берешекті өтеу қайдан қаржыландырылады?
- A. Отбасы бюджетінен.
 - B. Кәсіпорындар қаржысынан.
 - C. Инвестициямен.
 - D. Салық төлеушілер есебінен.
 - E. Дұрыс жауап жоқ.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Поляк Г.Б. Государственные и муниципальные финансы – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2004.
2. Балабанов И.Т. Финансы граждан. – М.: Финансы и статистика, 1995.
3. Вознесенский Э. А. Финансы как стоимостная категория. – М.: Финансы и статистика, 1985.
4. Зейнельгабдин А. Б. Финансовая система: экономическое содержание и механизм использования – Алматы: Каржы-Каражат, 1995.
5. Идрисова Э. К. Налоговое регулирование предпринимательской деятельности в сфере малого и среднего бизнеса – Алматы: Каржы-каражат, 1999.
6. Ильясов К. К. Идрисова Э. К. Налоги развитых зарубежных государств – Алматы: Каржы-Каражат 1997.
7. Интыкбаева С. Ж. Финансовые индикаторы экономического роста. Материалы международной научно-практической конференции. Сб. научн. трудов. – Алматы: Экономика, 1999.
8. Карагусова Г. Экономическая сущность налогов. – Алматы: Каражы-Каражат, 1994.
9. Киперман Г. Я., Тимофеева О. А. Налоги в рыночной экономике. – М.: Финансы и статистика, -второе издание, 2001.
10. Кучукова Н. К. Макроэкономические аспекты реформирования финансово-кредитной системы Республики Казахстан в условиях перехода к рыночной экономике. – Алматы: Галым, 1994.
11. Мельников В. Д. Государственное финансовое регулирование экономики Казахстана. – Алматы: Каржы-Каражат, 1995.
12. Мельников В. Д. Современная экономическая парадигма государственных финансов. Материалы международной конференции «Казахстан на пути к новой модели развития: тенденции, потенциал и императивы роста». Часть 6,8 – Алматы: Экономика, 2001.
13. Мещерякова О. В. Налоговые системы развитых стран мира. Справочник – М.: Фонд «Правовая культура», 1995.
14. Оспанов М. Методологические и концептуальные основы Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других платежах в бюджет». – Алматы: Каржы-Каражат, 1995.
15. Оспанов М. Т. Налоговая реформа и гармонизация налоговых отношений. – С-Птб.: Государственный университет экономики и финансов. 1997.
16. Республика Казахстан. Трансформация государства. Доклад миссии Всемирного банка. Т. I, II.
17. Утебаев Б.С Государственный бюджет Учебник – Алматы, Экономика, 2006 г.
18. Утебаев Б. С. , Жунусова Р. М. «Бюджетное устройство и бюджетная система»: Учебное пособие Ақмола 1997г.

Мазмұны

Кіріспе	3
1 Бөлім. Мемлекеттік және муниципалдық зайымдардың әдістемелік негізі.....	4
1. Тақырып. Экономиканың мемлекеттік және муниципалдық салалары.....	4
2. Тақырып. Мемлекеттік және муниципалдық қаржының экономикалық маңызы.....	5
3. Тақырып. Елдің әлеуметтік – экономикалық дамуындағы мемлекеттік бюджеттің ролі.....	6
4. Тақырып. Мемлекеттік және муниципалдық займдар түрлері мен классификациясы.....	9
5. Тақырып. Мемлекеттік және муниципалдық қарыздарды басқару жүйесі.....	9
6. Тақырып. Мемлекеттік несиесі.....	11
7. Тақырып. Мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар.....	13
8. Тақырып. Муниципалдық қаржылар.....	14
9. Тақырып. Қаржыларды мемлекеттік басқару органдары.....	15
10. Тақырып. Мемлекеттік және муниципалдық бағалы қағаздар мемлекеттік, муниципалдық қарыздарды басқару құралы ретінде.....	18
11. Тақырып. Мемлекеттік және муниципалдық әлеуметтік топтар қаржылары.....	19
2. Бөлім. «Мемлекеттік және муниципалдық зайымдар» пәні бойынша тест сұрақтары.....	21
Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	24

